# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 3 сәуір №5165-25-00-2/505 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы М.Бейсекееваның қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Арман санаторииі» акционерлік қоғамы

**ЖАУАПКЕР:**
«Damu - Investvent» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАН:**
талап қоюшының өкілі М.Анарбаев
жауапкердің өкілі А.Баиров

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:**

2025 жылғы 16 қаңтарда тараптар арасында №ГЗ/25-18 санды электронды түрде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер жыл ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында растайтын құжаттарда тауардың көлемі мен жеткізілетін тауар көлемінің мерзімі көрсетілген тапсырыс берушінің берген өтінімі бойынша 24 791 660 теңгеге тауар жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер тауарды жеткізіп беруден бас тартып, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкерден талап қою бойынша пікір келіп түспеген.

Талап қоюшының өкілі М.Анарбаев талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі А.Баиров талап қоюды мойындап, тауарды бағалардың тұрақсыздығына байланысты жеткізе алмайтыны туралы жауапкерді хабардар еткенін көрсетті.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 17-бабының 4-тармағына сай шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның және Шарттың 8.1-тармағының талаптарына сай шарт 2025 жылдың 16 қаңтардан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Сотта анықталғандай, жауапкер 2025 жылғы 5 ақпандағы шығыс №01 санды хатына сай тауарды жеткізіп беруден бас тартқан, яғни өз міндеттемелерін орындамаған. Бұл мәнжайды жауапкер сотта мойындады.

Сондықтан, 2025 жылғы 7 ақпанда талап қоюшымен шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Арман санаторииі» акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Чингисаева К. С., 07.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Чингисаева К. С., 12.05.2025

«Damu - Investvent» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Damu - Investvent» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

**Судья** **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 07.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Чингиспаева К. С., 12.05.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»